

Амангелді Мейрамұлы Шурентаевтің
«D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстанның құқықтық
журналистикасы: қалыптасу және даму үрдісі» тақырыбындағы
диссертациясына
пікір

Докторант Амангелді Шурентаевтің тақырыбы қазіргі таңда өзекті және өте маңызды болып келеді. Өйткені, құқықтық мемлекетте бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі ақпарат бостандығымен тікелей байланысты. Бірақ ешбір бостандық шектеусіз болмайды, ол құқықтық және этикалық жауапкершілікпен шектелуі тиіс. Журналистиканың қоғамдық өмірге әсерінің мүмкіндіктері мен іс-әрекеттерінің бостандығы көбірек болған сайын, оның жауапкершілігі де арта түседі. Міне, сондықтан да журналистерге құқықтық білім соншалықты маңызды болып келеді. Елімізде құқықтық журналистиканы дамыту үшін оның негізгі мәселелерін нақты анықтап алуымыз қажет. Сондықтан А.Шурентаевтің диссертациялық жұмысында отандық құқықтық журналистиканың пайда болу, қалыптасу және даму жолына тұңғыш рет ғылыми зерттеу жүргізілген. Оның ішінде қазақ елінде пайда болған алғашқы құқықтық басылымдар, телерадиобағдарламалар мен интернет сайттарға шолу жасалып, ғылыми талдау арқылы нақты тұжырымдалған қорытындыларын жасайды.

Әрбір журналист кәсіби парызын атқарғанда, журналистикаға тиісті талаптарға өзінің шығармашылығымен, шыншыл әрі объективті жарияланымдарымен жауап қайтаруы тиіс. Ең бастысы, журналистің жоғары мәдениеті болып, этика кодексін жіті сақтауы керек. Сонымен бірге, «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы Заңы да журналистикасының басты нормативті құжаты болып табылады. Зерттеу жұмысында БАҚ туралы заңы жан-жақты сараланып, қоғам үшін маңыздылығы да айқындалған.

Сонымен қатар докторант А.Шурентаев біздің ұйыммен де әрдайым байланыста және іс-шараларымыздың белсенді қатысушылардың бірі. Мәселен, «Медиа-құқық» және «Журналистік зерттеу» оқу модульдерін әзірлеп, оқу үдерісіне енгізу бойынша өз үлесін қосып келеді. Бірнеше жыл бұрын «Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ бастамасымен жоғары оқу орындарында енгізілген «Бала құқығы және журналистика» пәнін де оқытып келеді.

Біздің ұйымның негізгі бағыттарының бірі Қазақстандағы БАҚ-ты мемлекеттік қаржыландыру саласының ағымдағы жағдайын зерделеп, соңғы жылдардағы бюджет қаражатының жұмсалуын бағалау. Міне, А.Шурентаевтің жұмысында да осы тақырып аясында талдау жүргізіліп, «БАҚ-ты мемлекеттік қолдау жүйесінің құқықтық негіздері» тақырыбында ғылыми мақаласы жарияланған. Зерттеуде Қазақстандағы мемлекеттік ақпараттық тапсырыстың қажеттілігі және оған бөлінетін мемлекеттік қаражаттың жұмсалуы туралы ақпараттың ашықтылығын талап етушілердің екі жақты көзқарастары беріледі. Сонымен қатар заң тұрғысынан мемлекеттік

қолдау жүйесіне жан-жақты талдау жасалынып, шетелдегі БАҚ-ты қолдауы мен қаржыландыру ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылған. Болашақта да серіктестігіміз жалғасын табатынына сенімдімін.

Жалпы ізденушінің қол жеткізген нәтижелерінің ғылыми негіздемесі сапалы, зерттеу әдістерін жетік меңгергені байқалады. Журналистердің құқықтық сауаттылығын арттыруға арналған ерекше еңбек болары сөзсіз.

Сонымен қатар зерттеуші тұжырым жасауда теориялық және практикалық материалды жақсы ұштастыра білген. Әрі ғылыми тұжырымдары жаңашылдығымен, өзектілігімен ерекшеленеді. Сондықтан А.Шурентаевтің «6D050400-Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстанның құқықтық журналистикасы: қалыптасу және даму үрдісі» тақырыбындағы диссертациясын қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

«Құқықтық медиа-орталық» ҚҚ
заңгері, ұлттық және халықаралық
медиа-құқық сарапшысы

Г.Біржанова

